

ТАҒЗЫМ

## Турагұлға қатысты тың дерек

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мұхтартану» ғылыми орталығы ғалымдарының ізденісінің нәтижесінде Абай Құнанбаевтың саяси құғын-сүргін құрбанына айналған перзенті Турагул Ибраһимұлына қатысты тың дерек табылды.

**Нұршат ТӨКЕН,**  
«Egemen Qazaqstan»

Ғалымдардың айтуынша 1990 жылдары Мәкен Турагұлқызы алмагайып заманда шейт көткен әкесінің аты өшпесін һәм тарихта мәңгі қалсын деген ниетпен «Мемориалды тақта» жасатқан. Бір ерекшелігі – ол мемориалды тақтада тек Турагұлдың ғана емес, Абайдың әзге де ұрпақтарының қай жылы, қай жерде жерленгендердің туралы аппарат берілген.

Сондай-ақ, аталған тастуғыра Хакім Абайдың:

«Жас қартаймақ,  
жоқ тумак, туған өлмек,  
Тағдыр жоқ еткен өмір  
кайта келмек.  
Басқан із, көргөн қызық  
артта қалмак,  
Бір құдайдан басқаның  
бәрі өзгермек»,  
– деген бір шумак өлеңімен қоса: «Абай Құнанбаевтың Шымкент қаласында

жерленген үрім-бұтағы» делініп, 4 адамның есімі мен қай жылы, қай жерде жерленгендері көрсетілген. Олар: «Турагұл Абайұлы – Әйгерімнен туған. 1934 ж. ХФЗ аймасы;

Келіндері: Дәмежан – Микаилдің әйелі. 1960 ж. Шукырсай;

Камалия – Әубәкірдің әйелі. 1962 ж. Қасқа зираты;

Немересі: Әубәкір – Ақылбайдың ұлы. 1933 ж. Көксай;

Турагул Абайұлы – сын Айгерим. 1934 г. Р-Н ХФЗ;

Жены сыновей: Дамежан – жена Микайла. 1960 г. Шукырсай;

Камалия – жена Аубакира. 1962г. К-ше Қасқа;

Внук: Аубакир – сын Ақылбая. 1933 г. Көксай». Тастанурығы болды дүниенің «Мұхтартану» ғылыми орталығына табыс тілдерінде берілген.

Бұл жәдігер сол жылдардан бері «Химфарм» акционерлік қоғамының арнайы бөліміндегі сақталған. Ал Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейлі мерекесіне



орай компания басшылығы құнды дүниенің «Мұхтартану» ғылыми орталығына табыс етуді жөн деп тапқан.

Ғалымдардың сөзіне сүйенсек, бұл тастуғыр осы қүнге дейін айтылып жүрген: «Турагұлдың сүйегі Шымкенттегі Қорғасын зауытының

астында қалып қойды» – деген пікірді түбебейлі теріске шығарады. Әйткені атамыш зауыт 1882 жылдары салынған, ал Турагул Ибраһимұлы 1934 жылы қайтыс болғаны белгілі.

Айта көтерлігі, табылған жәдігер Мұхтар Әуезов

атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мұхтартану» ғылыми орталығының мұражайына қойылды. Орталық қызметкерлері құнды дүниеге байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

**ШЫМКЕНТ**